

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ  
БЕРУ УӘЗІРЛІГІ  
ӘЖИНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ИНСТИТУТЫ



Филология факультеті  
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы  
5111300 – Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр бағдарының  
4 курс студенті Сексенбаева Насибаның

***БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ***

Тақырып: Есімдіктің мағыналық топтарын оқытуда инновациялық  
технологияның маңызы

Студент: Н.Сексенбаева  
Ғылыми жетекші: Ы. Құттымұратова  
Кафедра меңгерушісі: ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

*Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2018-жыл 30-майдағы  
№9 протоколымен қорғауға ұсынылды.*

Нөкіс- 2018

Сексенбаева Насибаның «Есімдіктің мағыналық топтарын оқытуда  
инновациялық технологияның маңызы» тақырыбындағы бітіру мамандық  
жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «\_\_\_\_\_» балл ( «  
\_\_\_\_\_ % қойылды.

\_\_\_\_\_ 2018-жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

## Жоспар:

Автордың аннотациясы

### КІРІСПЕ

### I ТАРАУ. ЕСІМДІКТЕРДІҢ МАҒЫНАЛАРЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ

- 1). Жіктеу есімдіктерін оқыту.
- 2). Сілтеу есімдіктерін оқыту жайлы.
- 3). Сұрау есімдіктерін түсіндіру.
- 4). өздік есімдіктерін оқыту жолдары.
- 5). Белгісіздік есімдіктерін оқыту.
- 6). Болымсыздық есімдіктерін оқыту.
- 7). Жалпылау есімдіктерін оқыту.

### II ТАРАУ. ЕСІМДІКТЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС – ТӘСІЛДЕР

- 1) Есімдікті оқыту бойынша үлгі сабақ
- 2) Есімдіктің лексико-семантикалық, морфологиялық ерекшеліктерін оқыту

### ҚОРЫТЫНДЫ

Пайдаланылған әдебиеттер

## **А в т о р д ы ң а н н о т а ц и я с ы**

**Тақырыптың актуальдығы.** Қай салада болмасын қазақ тілін ғылыми негізде терең меңгермейінше, тілдің күрделі де, қиын пән екендігін жете сезінуіміз керек. өз ұрпақтарымыздың оған жүрдім-бардым, атүсті қарауға болмайтындығын сезініп, оның өзге тілдерден шоқтығы биік тұрғандығын, осы тілді жасаушы қазақ деген ұлы халықтың ұрпағы екенін толық сезініп, тілімізді қоғамның барлық салаларында батыл енгізуге белсене атсалысқанда ғана бүгінгі тіл мәселесі жайлы таласты пікірлерге нүкте қойылатындығына нақты көзімізді жеткіземіз. Бүгінгі тіл тақырыбын жан-жақты зерттеуіміз де лингвистикадағы, методикадағы зерттелуі қажет тақырыптардың бірі.

Оны оқытудың тиімді жолдарын қолдану тақырыптың актуальдығы болып табылады.

**Жұмыстың мақсатымен міндеті.** Жұмысымыздың негізгі мақсаты Есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдау жасап, топтастырып, талдап, тиімді оқыту арқылы оқушылардың ой санасын, дүниетанымын, еркін пікірлеуін, сөздерден мағыналарын талдау, салыстыру, ой қорытындыларын жасауға негізделеді

**Зерттеу объекті мен предметі.** Зерттеу объекті ретінде қазақ тіліндегі есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдап, топтастыра түсіндіруді алдық.

қазақ тіліндегі есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдаудың теориялық негіздерін анықтауда және оны оқытуда Ф.Оразбаева, Н.А.Оразахынова, Ж.Т.Исаева, Г.С.Сүлеева Б.Кәтенбаева М.Достанов тағы басқа тілші және методист ғалымдардың еңбектерінен пайдаландық.

**Зерттеу методикасы және әдістері.** Морфологиялық ерекшеліктерді талдап оқытуда, есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдауда ғылыми, теориялық, салыстырмалы және көргізбелі

әдістерден пайдаланылады. Талдау-жинақтау тәсілдерін оқыту жүйесінде үнемі пайдаланылады. Сабақ сапасын арттыру мақсатымен таблица, схема, қосымша көрнекі құралдар, сабақта пайдаланатын ойын түрлері берілді.

**Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары.** Зерттеудің жаңалығы тақырыптың актуальдығымен байланысты. Есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдап оқытуда жаңаша әдісті қолданудың өзіне тәндігі, оның формалары және қалай пайдалану жолдарын, оның тиімділігін түсіндіріп береді.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы және ұсынысы.** Сабақ өту барысында заман талабына сай есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдап оқытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерден пайдалану арқылы оқушылардың қазақ тіліне болған қызығушылығын арттырып, ынтасын, сабаққа белсенділігін, еркін пікірлеуіне, танымдық күшін қалыптастыру, дамыту, білімін кеңейту, тереңдетуге жағдай жасау мақсатын көздейді. Бұл жұмысымыздың практикалық маңызы болып табылады.

Сондықтан да бұл жұмыстан методикалық еңбектер жазуда, әрбір пәннен практикалық сабақ өтуінде және мектептерде қазақ тілінен мұғалімдерінің сабақ өтуінде пайдалануына септігін тигізеді.

**Жұмыстың құрылысы мен ізбе-іздігі.** Жұмысымыз кіріспе мен қорытындыдан басқа үлкен негізгі бөлімнен және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл тақырыпты ашуда оқушылардың ой-өрісін дамыту үшін аса қажетті категорияларға – талдау, жинақтау, салыстыру ғылыми тұрғыдан тиянақты меңгертіп ой қорыттық. Тақырыпқа байланысты өз пікірлерімізді, ұсыныстарымызды білдірдік.

Ғылыми басшы:

Ы.Құттымұратова

Студент:

Н.Сексенбаева.

## Кіріспе

Есімдіктер тобына енетін сөздер зат есім, сын есім, сан есімдер орнына қолданыла береді. Есімдіктер бірнеше сөз табының орнына қолданыла беретіндіктен, олардың мағыналары абстракт болып келетіні де аңғартылу қажет.

Есімдер тобына жататын сөздердің бірі - есімдіктер. Есімдіктер зат есім, сын есім, сан есімдер сияқты белгілі бір нақты ұғымды білдірмейді, демек, есімдіктердің мағыналарын жалпылама білдіреді. Олардың мағыналарының нақтыланып, анықталуы өздерінен бұрын айтылған сөйлемге, алда айтылған пікірден, ойдан аңғарылады. Мысалы: мына кітапты сен оқы, ана кітапты мен оқийын деген сөйлемнен мына, сен, ана, мен сөздеріне оқушының көңілі аударылады. Бұл сөздердің қандай мағынада қолданылып тұрғанына талдау беріледі. Атап айтсақ, мына, ана, сөздерін өзара салыстырып, мына сөзі жақын жатқан кітапты білдіретіні түсіндіріледі. Сол сияқты сен, мен сөздерінің мағынасын оқушылардың өздеріне аңғарту қажет. Демек, сен өзі-ІІ жақты, мен-І жақты білдіретіні сөз болады. Сөйтіп, мына, ана сөздері сілтеу, нұсқау мағыналарын білдірумен қатар жақын, алыс сөздерінің мағынасы да қамтылып тұрғаны аңғартылады. Ал сен, мен сөздері Адам ұғымының орнына қолданылып тұрғаны түсіндіріледі. Сонымен қатар, мына, ана сөздері сын есім орнына, сен, мен сөздері зат орнына жұмсалып тұрғаны атап көрсетіледі.

Мұндай талдау жұмыстарынан кейін зат есім, сан есім орнына жұмсалатын сөздер тобын есімдік дейміз деп тұжырым жасалады. Демек, есімдіктер есім сөздеріне қолданылатын абстрактылы мәнді сөздер екені, олардың мағыналары алдыңғы ойлармен тікелей байланысты болып отыратыны ескертіледі.

Есімдіктер есім сөздердің орнына жұмсала беретіндіктен, есімдіктер сұрақтары жағынан да тұлғалық түрлену жағынан да, мағыналық

жақтарынанда есім сөздерімен ортақтасып келетіндігінен толық мәлімет берілуге тиіс. Сондықтан есімдіктердің есім сөздер орнына жұмсалатын ерекшеліктеріне байланысты олардың өз ішінде – топқа бөлінетіні жайлы мағлұмат бере кеткен дұрыс болады. Есімдіктердің мағыналық және жұмсалыу орындарына қарай: Жіктеу есімдігі, сұрау есімдігі, сілтеу есімдігі, өздік есімдігі, белгісіз есімдігі, болымсыздық есімдігі, жалпылау есімдігі болып келетіндігі айтылу керек.

Есімдіктер өз ішінде алуан түрлі мағынада жұмсалып, әрбір есім сөздеріне арнайы қолданылатыны ескеріледі де, есімдіктердің жіктеу, сілтеу, өздік, сұрау, белгісіздік, болымсыздық жалпылау мағыналарда қолданылатын және бұлардың әрқайсысының өзіндік грамматикалық белгілерімен қызметі бары айтылады.

Есімдіктердің есім сөздерше көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары арқылы түрленуіндегі ерекшеліктер «Морфологияны оқытудың методикасы» деген кітапта жан-жақты баяндалған.

Бұл еңбекте есім сөздерді оқытудың практикалық жақтары алуан түрлі мысалдармен, түрлі схема-таблица көрнекіліктерімен кеңінен баяндалған. Мұғалімдердің творчесвалық ізденістеріне ой, бағыт беретін нұсқаулар да, амал-тәсілдер де ескерілген.

Есімдерді оқытуда есімдердің лексика-семантикалық жағы мен қосымшалармен түрленуі, негізінен, зат есім сөздерінің жүйесімен жүргізілу керек.

Есімдіктердің төрт түрлі жалғауды қабылдауында өзіндік ерекшеліктері бары нақты мысалмен дәлелденіліп отырылуы қажет.

Есімдікке дейін зат есім, сын есім, сан есімдер түгел өтіліп, оларға түрлі жаттығулар жүргізіліп, есім сөздердің не екендігіне оқушылар толық мәлімет алған. Сондықтан есімдік туралы өтілетін бірінші сабақты бірден

жаңа сабақтан бастауға болады. Оқушыларды жаңа сабаққа жұмылдыру барысында мынадай сөйлемдер ұсынылады.

1. *Омар мектепке бара жатып, ол жолшыбай Мұратқа жолықты.* 2. *Мына кітапты сен оқы, ана кітапты мен оқиын .* 3. *Оның өзі салған бірнеше сурет көрмеге жіберілді.* Осы сөйлемдердің құрамындағ сөздер екі түрлі бояумен жазылуға тиіс. Есімдік объектілер ( ол, мына, сен, ана, оның, өзі қызыл бояумен жазылып, асты сызылып көрсетіледі.

Жоғарыдағы сөйлемдер мынадай тәсілдермен түсіндіріледі. Бірінші сөйлемнің мағынасы анықталады, мұнда екі сөйлем бары айтылады. Алғашқы ойдың иесі - Омар, екені анықталып, Омар сөзінің орынына ол сөзі қолданылып тұрғаны айтылады. Сол сияқты екінші сөйлемнен мына, сен, ана, мен деген сөздерге көңіл аударылып, бұлардың қандай мағынада қолданылып тұрғаны айтылады. Атап айтсақ: мына, ана деген сөздерді өзара салыстырып, мына сөзі жақын жатқан кітапты, ана сөзі одан алысырақ жатқан кітапты білдіретіні нақты көрсету нұсқау арқылы байқатылады. Сол сияқты сен, мен деген сөздердің мағынсын оқушылардың өздеріне айтқыза отырып, сен сөзі II жақты, мен сөзі I жақты білдіретіні айтылады. Сөйтіп мына, ана деген сөздер сілтеу, нұсқау мағынаны білдірумен қатар жақын алыс сөздерінің мағынасы да қамытылып тұрғаны айтылады. Сол сияқты сен, мен деген сөздер адам ұғымының орнында қолданылып тұрғаны түсіндіріледі. Үшінші сөйлемдегі есімдіктерді (оны, өзі, бірнеше) оқушылардың өздеріне таптырып, оның өзі деген тіркесті Асқардың өзі деген тіркеспен ауыстырып айтуға болатыны, сол сияқты бірнеше сөзін екі-үш сөзімен алмастырып беруге болатыны да аңғартылады. Осылайша, есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдау жасалады. Есімдік сөздердің мағынларын қалай анықтауға болады? - деген сұрақ қойып, оқушыларды біраз ойландыру керек. қойылған сұраққа



олар әр түрлі жауап беруі мүмкін. Жауап алған соң, олардың назары сөйлемдерге аударылады.

Бірінші сөйлемдегі ол сөзі – зат есім: мына, ана – сын есім, сен, мен, оның дегендер – зат есім, бірнеше сөзі сан есім орындарына қолданылып тұрғаны түсіндіріледі. Соңынан есімдіктер зат есім, сын есімдер, сан есімдердің орнына жұмсалатын сөздер екені айтылады.

## I ТАРАУ

### Есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдау жасау

Есімдіктер есім сөздердің орнына жұмсалуды ерекшеліктері мен синтаксистік қызметі жағынан ішінара жеті топқа бөлінетіні меңгертілуі тиіс.

<p>Есім сөздердің (зат есім, сан есім, сын есім) орнына жүретін сөз табы. Есімдік заттың өз атауын да белгінің, санның да атын білдірмейді, тек соларды нұсқап, мегзеп көрсетеді де олардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдікті орынбасар сөздер деп те атайды. Мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді.</p>	
<p><b>Жіктеу есімдігі</b> Белгілі бір жақтық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдік түрі. Олар: мен, сен, ол, біз, біздер, сендер, сіздер, олар.</p>	<p><b>Сұрау есімдігі</b> Жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қойылған сұрақтар. Олар: кім, не, қанша, неше, нешеу, қаншасыншы, қайда т.б.</p>
<p><b>Болымсыздық есімдігі</b> Болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктің түрі. Олар: ештеңе, ештеме, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсысы, дәнеңе.</p>	<p><b>Сілтеу есімдігі</b> Сілтеу есімдіктері мегзеу, нұсқау, көрсету мағыналарын білдіреді. Олар: бұл, сол, анау, осы, мынау, ана, міне, эне, осынау т. б.</p>
<p><b>өздік есімдігі</b></p>	<p><b>Жалпылау есімдігі</b> Жалпылау, жинақтау мағыналарын</p>

өздік есімдігіне әр тұлғадағы өздеген бір ғана сөз жатады.	білдіретін есімдіктің түрі. Олар: бәрі, барлық, бар, барша, бүкіл, күллі, бүтін, түгел, тегіс.
<b>Белгісіздік есімдігі.</b> Заттық, сындық белгіні, сан мөлшерді белгісіз етіп жорамалдап, тұспалдап көрсету мәнін білдіретін есімдіктің түрі.	Олар: біреу, кейбір, бірдеме, әр не, әр кім, әлде кім, кім де кім,

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **мен**.
2. Тұлғасына қарай негізгі түбір себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлегі.
3. құрылысына қарай – дара, себебі бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – жалпы ұғымға берілген атау.
6. Грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынасының жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына - есімдік.
7. Мен-кім? Деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл-есімдік. Есім сөздердің орнына жүретін сөз табын есімдік деп атайды.
8. мағынасына қарай-жіктеу есімдігі. Себебі, белгілі бір жақтың ұғымымен қолданылып тұр.

Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойланғандай оларға да болса игі еді. Демек- бұлар жүрек ісі. Асықтық та –жүрек ісі. (Абай).

Сол

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **сол**
  2. Тұлғасына қарай-негізгі түбір. Себебі, сөздің ары қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлігі.
  3. құрылысына қарай-дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
  4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
  5. Лексикалық мағынасы-заттың орнына сілтеу мағынасында жұмсалатын сөз.
  6. Грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына-есімдік.
  7. Сол-қай? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл-есімдік. Есім сөздердің зат есім, сын есім, сан есімнің орнына жүретін сөз табы-есімдік деп аталады.
  8. мағынасына қарай-сілтеу есімдігі. Себебі, сілтеу, мезгеу, нұсқау, көрсету мағыналарын білдіріп тұр.
- Есіткен нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: бірінші- көкірегі байлаулы беріктік, екінші-ғибратлану, тұщынып, ынтамен ұғу, үшінші- бірнеше қайтара ойланып, көңілге бекіту, төртінші-ойдың кеселді нәрселерден қашық болу керек. (Абай).

Бұлар
-------

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: **Бұ+лар.**
2. Тұлғасына -қарай **негізгі түбір.** Себебі, сөздің ары қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлігі.
3. құрылысына қарай-дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы-заттың орнына сілтеу мағынасында жұмсалып тұр.

6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылауынан жасалған жалпы грамматикалық мағына –есімдік.

6.2. Екінші грамматикалық мағынасы-(лар) көптік жалғауының жалғануы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына-көптік мағына.

7. Бұлар-кімдер? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл-есімдік. Есімдік дегеніміз-есім сөздердің орнына жүретін сөз табы.

8. Мағынасы қарай-сілтеу есімдігі. Себебі мезгеу, нұсқау, көрсету мағыналырын білдіріп тұр.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. (Абай).

Мыналардың

1.Бұл сөз үш құрамнан тұр: мына+Лар+дың

2. Тұлғасына қарай-негізгі түбір. Себебі, сөздің ары қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлігі.

3. құрылысына қарай-дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.

4. Сөзде бір лексикалық, үш грамматикалық мағына бар.

5. Лексикалық мағынасы-заттың орнына сілтеу мағынасында жұмсалып тұр.

6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылауынан жасалған жалпы грамматикалық мағына –есімдік.

6.2. Екінші грамматикалық мағынасы-(-лар) көптік жалғауы арқылы берілген категориялық-грамматикалық мағына-көптік мағына.

6.3.Үшінші грамматикалық мағынасы-(-дың) ілік септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық-грамматикалық мағына-иелік мағына.

7. Мыналардың-кімдердің? деген сұраққа жауап береді.

8. Мағынасына қарай-сілтеу есімдігі. Себебі, сілтеу,меңзеу, нұсқау, көрсету мағыналарын білдіріп тұр.

Кім?

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: Кім?
2. Тұлғасына қарай-негізгі түбір. Себебі, сөздің ары қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлегі.
3. құрылысына қарай-дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы-сұрау ұғымында жұмсалып тұрған сөз.
6. Грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына-есімдік.
7. Мағынасы қарай-сұрау есімдігі. Себебі, жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қолданып тұр.

қамшының сабындай қысқа ғұмырда халқының көшінің басында жүруден, ұлы істеріне тікелей ат салысудан артық қандай мәртебе керек?! Ары үшін жанын садаға ететін қазақтай қасиетті халықтың, осы елдігі сан түрлі ұлттың баласының басын қосып, басшылығында жүру тұрмақ, қосын тігіп, қосшылығында жүрудің өзі жаныңды тербейтін бақыт емес пе?!

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік қайғыға салыну, құмарға берілу. (Абай)

Кімбіз?

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: Кім+біз?
- 2.Тұлғасына қарай-негізгі түбір. Себебі, сөздің ары қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлегі.
3. құрылысына қарай-дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы-сұрау ұғымында жұмсалып тұрған сөз.
- 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылауынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – есімдік.

6.2. Екінші грамматикалық мағынасы-(біз) жіктік жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына-жақтық мағына.

7. Мағынасы қарай-сұрау есімдігі. Себебі, жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қолданып тұр.

Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты-толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын.

қайсыны?

1. Бұл сөз үш құрамнан тұр: қай+сы+ны?
2. Тұлғасына қарай-негізгі түбір. Себебі, сөздің ары қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлегі.
3. құрылысына қарай-дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, үш грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы-сұрау ұғымында жұмсалып тұрған сөз.
  - 6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылауынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – есімдік.
  - 6.2. Екінші грамматикалық мағынасы-(сы) жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына-меншіктік мағына.
  - 6.3. :шінші грамматикалық мағынасы-(-ны) табыс септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық-грамматикалық мағына-тура объектілік мағына.

7. Мағынасы қарай-сұрау есімдігі. Себебі, жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қолданылып тұр.

Төңкеріліп құрылған жұрт- бір сағым,

Шынға шыдап қоса алмас ынтымағын. (Абай).

өз

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: өз.

2.Тұлғасына қарай-негізгі түбір. Себебі, сөздің ары қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлегі.

3. құрылысына қарай-дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.

4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.

5. Лексикалық мағынасы-жіктеу есімдігімен зат есімнің орнына жұмсалып тұр.

6. Грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына-есімдік.

7. өз-кім? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл-есімдік. Есім сөздердің орнына жүретін сөз табын есімдік деп атаймыз.

8. Мағынасы қарай-өздік есімдігі. Себебі, жіктік есімдіктерімен зат есімнің орнында қолданып тұр.

қазір ынтымақтасумен іскерлік кезеңі. қазір адамдардың өмірін жақсартуға бағытталғаншағын қадамның өзі шалқыған даңғаза ұраншылдық пе үдере үндеушіліктен әлдеқайда маңызды.

Адам баласы жылап туады, кейіп өледі.

өзі

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: өз+і.

2.Тұлғасына қарай-негізгі түбір.

3. құрылысына қарай-дара.

4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.

5. Лексикалық мағынасы-жіктеу есімдігімен зат есімнің орнына жұмсалып тұр.

6.1. Бірінші грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылауынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – есімдік.

6.2. Екінші грамматикалық мағынасы(-і) тәуелдік жалғауының III жағы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына-меншіктік мағына.

7. өзі-кімі? деген сұраққа жауап береді..

8. Мағынасы қарай-өздік есімдігі.

Адам атына лайықты өмір сүрудің, дәулетті тұрудың мына заманда нарықтан басқа жолы жоқ. Өйткені, ол адамды өзін-өзі қамшылауға, жанын жеп жанталасуға мәжбүр ететін, сөйтіп оның бойынан тың қуат табуға итермелейтін жол.

Естілердің айтқан сөзін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады.( Абай).

Барша

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **Барша**

2. Тұлғасына қарай негізгі түбір. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлегі.

3. құрылысына қарай – дара. Себебі бір ғана негізгі түбірден тұр.

4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.

5. Лексикалық мағынасы – жалпылау, жинақтау ұғымда қолданылып тұр.

6. Грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынасының жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына - есімдік.

7. барша- қанша деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл-есімдік. Есім сөздердің орнына жүретін сөз табын есімдік деп атаймыз.



8. Мағынасына қарай-жалпылау есімдігі. Себебі, жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіріп тұр.

Тәуелсіздік қайта оралғаны- біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлық азаттық күресінің заңды өтеуі. Жаратқан Иенің жасаған әділдігі. Ата-бабаларымыздың осыншама байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалғанының арқасы. Мұндай жер болмаса, мұндай ел де болмас еді.

Адам баласының ең жаманы- талапсыз.( Абай).

Ешкім

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: **Еш+кім.**
2. Тұлғасына қарай -туынды түбір. Себебі, аналитикалық немесе синтаксистік тәсілмен екі түбірдің бірігуінен жасалған туынды түбір.
3. құрылысына қарай – күрделі,бііріккен сөз. Себебі, екі сөзден құралып, ритм-ырғағы жағынан бірұдай, лексика семантикалық біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып, бірлесіп тұрақталған құрама сөз.
4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – болымсыздық мағынасында жұмсалып тұр.
6. Грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынасының жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына - есімдік.
7. Ешкім- кім? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл-есімдік. Есім сөздердің орнына жүретін сөз табын есімдік деп аталады.
8. Мағынасына қарай- болымсыздық есімдігі. Себебі, болымсыздық мағынаны білдіріп тұр.

Мемлекетіміз діңгегі-қазақ халқы. Ел де, жер де-қазақтыкі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында.

әр

1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: **әр**.
2. Тұлғасына қарай негізгі түбір. Себебі, сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлегі.
3. құрылысына қарай – дара. Себебі бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – затты белгіні жорамалдау ұғымында жұмсалып тұрған сөз.
6. Грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынасының жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына - есімдік.
7. әр- не? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл-есімдік. Есім сөздердің орнына жүретін сөз табын есімдік деп атаймыз.
8. Мағынасына қарай-белгісіздік есімдігі. Себебі, жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіріп тұр.

1-жаттығу. Төмендегі сөздерді жоғарыдағы үлгі бойыншаталдаңыздар.

Сен,міне, қайда, біраз, бүкіл, тегіс, ешбір, дәнеңе, әрқалай, әрбір, әлдеқайда, нешеу, осынау, бүтін.

2-жаттығу.өлеңді жаттап, мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндап беріңіздер. Ішінен есімдіктерді тауып, мағыналық түрлеріне ажыратыңдар.

Мал жимақ.

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,

қазаққа көзсүзбестік қамы үшін жи.

Арың сатпа, терің сат, алалды ізде,

ғибадат пен адалдық, ар үшін жи.

Ерібесең еңбекке дәулет дайын,

Жаратқан жоқ жатсын деп бір құдайым.

Ойлансын деп ой берді, көруге көз,

Аяқ берді тапсын деп басқан сайын.

Үйде отырып салғанмен Сары уайым,

Түлегіңнің тура ма саған дайын.  
Жүріп-тұрып, ойланып істеп көресің,  
Харекеттің білесің сонда жайын.  
Жатып ішкен жан-тыныш, салғыр-салақ,  
Оған арам-харекет, ой ойламақ.  
Іздемеген кісіге қайдан келсін.  
Таза киім, жылы орын, тәтті тамақ.  
Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ,  
Білім білмек-әр іске шебер болмақ.  
қол өнерден пайда қыл үйреніп-ақ,-  
Кетпес дәулет осы ғой әмбеге хақ.  
қол өнері-өзің өлсең-бірге өледі,  
Сонда-дағықалғандар үйренеді.  
Сен кетсеңде өнерің елде қалып,  
Талай жанға азық пен мал береді.  
әрі ермек, әрі пайда, әрі дұрыс,  
Демейді қол өнерді ешкім бұрыс.  
Көрінгенге көз сатып жалынғанша,  
Күндік өмір қалса да соған тырыс.

### **Жіктеу есімдіктерін оқыту жайлы**

Жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіруде ең алдымен жіктеу есімдіктеріне жататын төмендегі сөздерді тақтаға жазып, бұлардың әрқайсысына арнайы тоқталу қажет.

Мен, сен, сіз, ол деген төрт есімдік тақтаның сол жақ шетіне жазылып қойылады. Мен сөзі бірінші жақта қолданылатынын айтып, екінші жақтың анайы түрі түсіндірілген соң: сен деп қандай жағдайда айтылады?- деп, ойлану сұрағын беріп, жас ерекшелігі бірдей не тете, құрдас, жолдастардың

бір-біріне сен деп, сол сияқты аса жақын туыстар өз ара сен деп сөйлейтін, сіз екінші жақтың сыпайы түрі екені айтылады.

Ол есімдігі бірінші, екінші, үшінші жақта, бірде адам, бірде зат орнына жұмсалатыны, ал ол – оқушы, ол – сурет деген мысалдарды өз ара салыстыра түсіндірген жөн. Жіктеу есімдіктерінің бірінші, екінші, үшінші жақтарын осылайша талдап алған соң, жіктеу деген атауға көңіл аударып, мен, сен, сіз, ол дегендердің үш жақта жіктеліп қолданылатыны аңғартылады.

Ендігі жерде жіктеу есімдігіне көптік жалғауы жалғанатыны әңгімеленеді. Жіктеу есімдіктерінің мен, сен, сіз, ол түрлері жекеше бер ғана адам, не бер ғана зат ретінде жұмсалатыны ескертіліп, біздер, сендер, олар дегендердің көптік мағынада қолданылатынын оқушылардың өздеріне аңғарттырып, жекеші, көпше түрлері жинақталады.

Жіктеу есімдіктерінің мағыналық, грамматикалық түрленуі ерекшеліктерін түсіндіріп болған соң, бұлардың сөйлемде, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалатынын мынадай шағын сөйлемдерді талдау бырысында түсіндіріледі.

Мысалы: мен оқушымын. Оны кинодан көрдім. Кітапты алған менмін деген сөйлемдердегі мен- бастауыш, оны – толықтауыш, менмін – баяндауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Жіктеу есімдігінің мағынасын, грамматикалық формаларын, синтаксистік қызметін меңгерткен соң, оқушылардың алған біліктерін бекіте түсу үшін төмендегідей практикалық жұмыстар жүргізуге болады.

**Тақтамен жұмыс.** Оқушыларға тақтаға сөйлем жаздырып, одан жіктеу есімдіктерін тапқызып, олардың қандай тұлғада тұрғанын, сөйлемдегі қызметін айтқызу керек.

1. Әсия сен кітапханаға бар. Сені онда Сәлима апай күтіп отыр.
2. Онымен бірге менде бармын. Бізді олар өте жақсы қарсы алды.
3. Бізге жау аэродромын жоюға бұйрық берілді.

4. Байқаймын, менің самалетм әрең келді.

**Тапсырмамен жұмыс.** Жіктеу есімдіктерінің септелуі мен сөйлемдегі қызметіне арналған бірнеше тапсырма үлестіруге болады.

1- *тапсырма.* Біз, сен есімдіктерін септеп, олардың септелуіндегі ерекшеліктерді айтыңдар.

2 – *тапсырма.* Сен қолыңдағы онбес солдаты менімен қайтарарсың (ә.Ш.) деген сөйламене жіктеу есімдігін тауып, олардың қандай тұлғада тұрғанын және сөйлемдегі қызметін анықтаңдар.

3 –*тапсырма.* Маған, онымен, одан, оны деген есімдіктердің қай септікте тұрғанын айтып, олардың құрамындағы дыбыстық өзгерістерді табыңдар.

4 –*тапсырма* Сен, сізсөздерінің мағынасын анықтап, бұлардың қандай жағдайда қолданылатынын айтып, мысал келтіріңдер.

5 –*тапсырма.* Біз, сіз, сен сөздерін жіктеңдер.

6 –*тапсырма.* Мен, сіз есімдіктерін септеп, оларды өзара салыстырып ерекшеліктерін атаңдар.

Жіктеу есімдіктері: мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар. Жіктеу есімдіктері үнемі жақтық ұғыммен байланысты қолданылады. Демек, жіктеу есімдіктерінің бірінші, екінші жақтары әрқашан адаммен байланысты айтылса, үшінші жағы тыңдаушы мен бөгде кісі деген мағынаны білдіреді. Ол есімдігінің кейде сілтеу мағынасында да жұмсалатыны сөйлем ішінді нақты мысалды талдау тиенірегінде аңғартылады. Мысалы, Ол келді, ол кетті дегендегі ол – кім деген сұраққа жауап беріп, үшінші жақ жіктеу есімдігі, ол кітапты оқымапты дегендегі ол – қай деген сұраққа жауап беріп, сілтеу есімдігі болып тұрғаны салыстыру тәсілі арқылы түсіндіріледі. Жіктеу есімдіктерінің тәуелденуі, септелу, жіктелуін оқулықта берілген жүйемен түсіндіру мұғалімнің еркіне берілді.

Мысалыға жаттығу түрі төмендегіше,

1-жаттығу. Жаттығудан жіктеу есімдігінің астын сызып, оның түрленуіндегі ерекшеліктерді көрсетіңіз.

Осы бір оқиғаны Гүлмираның өзі айтқан еді маған. – сіздер маған кеппе едіңіздер? Гүлмира сен менің жанымды қинай берме! - қайнаға, маған ерегісіп, Ақботаны ұрғанда, сізге не түседі? Соған кім жете алсын. қуғыншылар менің қасыма оралды. – Егер сен оны ұстап әкеп, менің қолыма бермесең, атып тастаймын. – Маған беріңіз, - дедім оған. Менімен бірге басқа әйелдер де жылады. Сол күні менің бастан кешкенімді, сөзбен айтып жеткізу қиын. Менен кейін басқалар әзер шыдап жүр екен, іліп әкетті. Менің адал серігім болды, бәрі де менің тәрбиемді көрді. Бізде не қауқар бар?

### **Сілтеу есімдіктерін оқыту жайлы**

Сілтеу есімдіктеріне жататын таныстыру, сілтеу есімдіктерінің мағынасын аңғарту, сілтеу есімдіктерінің сын есім орнына қолданылатынын және олардың заттанатындығы жайлы мәлімет берілуі керек.

Сілтеу есімдіктердің мағыналарын әңгімелесу әдісі арқылы баяндаған жөн. Оқушыларға сыныпта тұрған заттарды көрсетіп олардың қай жерлерде, қандай қашықтықта тұрғанын көрсету арқылы әңгіме жүргізіледі.

*Мұғалім:* -Балалар, сыныпта тұрған заттармен танысайық,-деп, күнде көріп жүрген заттарға оқушылардың назарын аударады. Мұғалім тақтаны қолымен көрсетіп:

- Мынау не?- деп сұрайды.

*Оқушылар:*- Бұл- тақта немесе ол- тақта, - деп жауап береді. Осылайша, мұғалім өзіне қажет деп тапқан заттарын сұрақ қойып, оған жауап алады. Сұрақпен жауапты тақтаға диалог тәртібімен төмендегі үлгі бойынша жазып тұрады.

-Мынау не?

-Бұл-тақта.

-Анау не?

-Ол-орындық.

-Мына кітапты мен аламын.

-Ана кітапты сен ал.

-Сонау төбеде қар жатыр.

Мұғалім оқушылар зейінін тақтаға жазылған диалогтарға аударады.

-Балалар, тақта сөзіне мынау не? Орындық сөзіне анау не? Кітаптың біріне мына сөзін, екінші кітапқа ана сөзін, төбеді деген сонау сөзін қолданылуымыздың себебін айтыңдаршы,- деп, ойлану сұрағын береді.

Тақта сөзіне мынау сөзін қолданудың себебі тақта әңгіме етіп отырған затымыздың бәрінен жақын тұр. Ал орындық тақтаға қарағанда, біршама алыс тұр, сондықтан оған анау сөзі қолданылады. Сол сияқты үстел үстінде жатқан екі кітаптың біріншісі екіншіге қарағанда жақын жатыр да, екіншісі біріншіден алыстау жатқандықтан, біріне мына, екіншісіне анау сөзі қолданылып тұрғаны айтылады. Осылайша, әңгімееткен заттардың арақашықтық, кеңістік қашықтықтарына байланысты сөздердің қолданылуында даерекшелік барлығы аңғартылады. Мұнан соң мұғалім:

-Мынау, анау, мына, ана, сонау, бұл сөздеріндеқандай ортақ қасиет бар?- деп бұл сөздерді сілтеу, нұсқау, көрсету мағыналарында жұмсалатыны ескертіледі. Осылайша, сөздердің қолданылуындағы мағыналық ерекшеліктер түсіндірілген соң, сілтеу есімдіктерінің тізімі беріледі.

Сілтеу есімдіктеріне мынадай сөздер жатады: бұл, ол, осы, осынау, сол, сонау, ана, анау, мына, мынау, әні, міне, сонна.

Сілтеу есімдіктері нұсқау, көрсету, мезгеумағыналарын білдіріп, негізінен, сын есімнің орнына жүріп, қай деген сұраққа жауап беретінін, сөйлемде анықтауыш қызметін атқаратынын айтып, мұғалім қорытындылайды.

Сілтеу есімдіктерінің лексика-грамматикалық белгілерінен толық мәлімет берілген соң, олардың түрленуі, сөйлемдегі қызметі жөнінде

жаттығу жүргізіледі. Жаттығу кезінде сілтеу есімдіктері бастауыш қызметін атқарғанда, олардан кейін әрқашан сызықша қойылатынына баса назар аудару керек. Мысалы. Ол- тәртіпті оқушы. Мынау- ауыл көрмесі деген сөйлемдегі ол, мынау сілтеу есімдіктері кім? не? деген сұрақтарға жауап беріп, бастауыш қызметінде жұмсалып тұрғаны айтылады.

Бұлар: бұл, осы, сол, анау, мынау, сонау, осынау, анна, мына, сонна, әні, міні, міне деген есімдіктер жатады да, қай? қайсы? деген сұрақтарға жауап береді.

Сілтеу есімдіктері мағына жағынан сілтеу, көрсету, нұсқау сияқты ұғымды білдіреді. Бірақ сілтеу есімдіктерінің мағыналары үнемі бірдей, бір дәрежеде бола бермейтініне оқушылардың көзін жеткізу керек. Мысалы: мына кітап, анау кітап, сол кітап, сонау кітап деген тіркестегі сілтеу есімдіктерінің мағыналарының бірдей еместігі айтылады. Айталық, мына, анна, анау, сол, сонау дегендерде кеңістік мерзімдік, жақындық, қашықтық, алашақтық тәрізді ренк мәндерінің бары ескертіледі.

Сілтеу есімдері, негізінен, сын есім, сан есім сөздерінің орнына жұмсалып, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады. Сын есімнің заттануы сияқты сілтеу есімдіктері де субстантивтеніп, төрт жалғауда қолданыла алатын ерекшелігін де ескеру керек.

*1-тапсырма.*

Мынау, сонау сөздерін қатыстырып екі сөйлем құраңдар.

*2-тапсырма.*

Мынау менің қыстауым, анау кезеуеген сөйлемнен сілтеу есімдіктерін тауып, олардың қандай сұрақтарға жауап болып тұрғанын айтыңдар, жетіспей тұрған тыныс белгісін қойыңдар.

*3-тапсырма.* Мынау сөзін жекеше, көпшәтүрде тәуелдендер.

*4-тапсырма* Мынау сонау сөздерін қатыстырып сөйлем құраңдар, бұл екі сөздің ерекшелігі мен ұқсастығы неде екенін айтыңдар.



## Сұрау есімдіктерін түсіндіру

Сұрау есімдіктерін түсіндіруде тақтаға бір сөйлем жаздырып, ол сөйлемнің не жөнінде айтылып тұрғаны аңғартылған соң, сөйлемнің қандай мүшелерден құралатыны сұрақ қою арқылы сөйлем мүшелеріне талдатылады, талдау төмендегі үлгі бойынша жүргізіледі.

-Асылбек әлдеқашан қаңсып қалған темір торсықшаны шайқап қояды, - деген сөйлемге сұрақ мынадай түрде қойылады.

-Сөйлемнің мазмұнында не туралы айтылып тұр?

- Асылбектің торсықшаны шайқап қойғаны туралы.

- Сөйлем қандай мүшелерден құралған,оны сұрақ қою арқылы анықтаңдар?

-Кім торсықшаны шайқап қояды?

-Асылбек.

-Асылбек торшықшаны қайтеді?

-Шайқап қояды.

-Нені шайқап қояды?

-Торсықшаны.

-қандай торсықшаны шайқап қояды?

-Темір торсықшаны шайқап қояды.

-қай темір торсықшаны шайқап қояды?

-қаңсып қалған темір торсықшаны шайқап қояды.

-қашан қаңсып қалған?

-әлдеқашан...

деген сұрақтар қойып, оардың жауаптары (қысқа түрде) жоғарыда көрсетілгендей, диалог ізімен көрнекі түрде тақтаға жазылады. әрбір қойылған сұрақтар қызыл түсті бор мен жазылып, асты сызылып көрсетіледі. Сөйтіп, бұл сөйлемнің құрамын анықтауда не туралы? кім? қайда? қайтеді? қай? деген сияқтысұрақтардың қойлғанына оқушының назары аударылады.

Демек, белгілі бір ойдың мазмұн-сыры үнемі сұрақ қойылу арқылы анықталатындығы ескертіледі.

Сұрау есімдіктері: кім? Кім туралы? не? не жөнінде? неше? қанша? қай? қашан? қалай? қайтіп? қандай? қайдағы? қашаннан? нешінші? қайда? неден? қаншасыншы?

Бұл топтағы есімдіктерден әрбір сұрақтардың өзіндік мағыналық ерекшеліктерінің бары түрлі мысалдар арқылы түсіндірілуі қажет. Атап айтсақ, кім? не? Кім туралы? Не жөнінде? деген сұрақтардың зат есім сөздерге қойлатыны ескертіледі.

қанша? неше? нешінші? қаншасыншы? деген сұрақтардың сан есімдерге қандай? қай? қашанғы? қайдағы? недегі? деген сұрау есімдіктерінің сын есім сөздерге қойылатыны мысалдар арқылы түсіндіріледі. Сол сияқты қашаннан? қашан? деген сұрақтардың мезгілдік ұғымды білдіретін сөздерге, ал қайда? қайдан? деген сұрақтар мекендік мағынаны білдіретін сөздерге қойылатыны ауызша мысалдар талдау арқылы нақтыланады. Осылайша сұрау есімдіктеріне жататын сұраулы сөздерді мағыналық ренктеріне қарай саралап түсіндірген соң, олардың үнемі сұрау мағынаға ие болатыны, олардан кейін әрқашан сұрақ белгісі қойылатыны ескертіледі. Сен кеше қайда болдың? деген сөйлем қайда? деген сұрау есімдігі арқылы сұраулық мағынаға ие болып тұрғаны салыстыру әдісі арқылы аңғартылады. Сен кеше қайда болдың? деген сөйлемді айытқызып оның құрамындағы қайда деген сөзді алып тастап, сен кеше болдың деген түрде айытқызып, бұл екі сөйлемдегі ойды өзара салыстырып, өзгешеліктерді оқушылардың өздеріне таптыру керек. Оқушылар қайда? сөзі түсіріліп айтылған сөйлемнің хабарлы сөйлем екені айтуға тиіс.

Ендігі жерде сұрау есімдіктерінің кейбір түрлері сөйлемнің контексіне қарай өздерінің бастапқы сұрау мағынасында қолданбай, жай хабарлы мағынада қолданылатыны аңғартылу қажет. Оның кеше қайда болғаны

белгісіз. қандай жұмыс болса да тиянақты істе деген сөйлемдердің құрамында қайда, қандай сөздерінің сұраулық мағына бермей тұрғаны айтылады. қайда сөзі жұмыстың алуан түрлі болатынын білдіріп тұрғаны ескертіледі.

Сұрау есімдіктерінің мағыналық жақтары танылған соң, бұлардың көптік, тәуелдік, септік жалғауларымен түрленетіні әңгімеленеді.

Сұрау есімдіктерінің ішінде кім? не? қайсы? неше? нешеу? деген түрлері ғана көптеледі, тәуелденеді, септеледі. Сұрау есімдіктерінің жауап болатын сөздері қандай тұлғада тұрса, сұрақтар да сондай тұлғада тұрады. Мысалы. Нағиманың әкесі алпыста деген сөйлемді тақтаға жазып, оған сұрақ қойып, әрбір сұрақты жауап сөздерімен жазып, жауап сөзімен сұрақтардың тұлғаларын өзара салыстыру керек. Нағиманың деген жауап сөзіне кімнің әкесі деген жауап сөзіне кім? алпыста деген жауап сөзіненешеден? деген сұрақтар қойылатыны аңғартылады. Сонымен қатар кімнің? деген сұрақтың ілік септікте, кім? сұрағының тәуелдік формада, нешеден? деген сұрақтың жатыс септікте тұрғаны айтылады.

Сұрау есімдіктерінің сөйлемде белгілі бір қызмет атқаратыны ескертіледі. Сұрау есімдіктері, негізінен ойды анықтау нақтылау үшін жұмсалады., сонымен қатар кейде сөйлемде әрі жауап сөз, әрі сұрау сөзретінде қолданылып, белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратыны да нақты түсіндіріледі.

-Сен нешедесің?

-Бос уақытыңды қалай өткізесің?

Деген сөйлемдегі нешедесің?-бастауыш, қалай?-пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

Сұрау есімдіктерінің морфологиялық құрамы жағынан негізгі және туынды тұлғада жұмсалатыны да мәлімет беріледі. Мысалы. кім? не? неше? қай? қанша? қалай? дегендер негізгі тұлға болса нешінші? нешеу?

қаншасыншы? дегендердің туынды тұлға екені ескертіледі. Сұрау есімдіктерінің кейде кім-кімге? қай-қайсысы? қалай-қалай? деген қосарлы түрде де қолданылатыны жаттығу жұмыстарында талдау әдісі арқылы аңғартылады.

Сұрау есімдіктерінің контексте кейде сұрау мағынасын білдірмейтін ерекшеліктері де бары аңғартылу қажет. Мысалы. Асқардың қайда болғанын білмедім деген сөйлемдегі қайда сөзі сұрау мағынасын білдіріп тұрған жоқ, абстрактылы мекендік ұғымды білдіріп тұрғанына оқушының көзін жеткізу керек.

Сұрау есімдіктерінің теориялық жақтары түсіндірілген соң, жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

**1-жаттығу.** Сұрау есімдіктеріне мысал келтіріп, сөйлем құраңыздар.

### **Үлестіріліп берілетін жеке тапсырмалар**

*1-Тапсырма.* қайсы? есімдігін жекеше, көпше түрде тәуелдеңдер.

*2-Тапсырма.* нешеу? есімдігін жекеше, көпше түрде тәуелдеңдер.

*3-Тапсырма.* қалаған сұрау есімдігін қатыстырып, сөйлем құраңдар.

*4-Тапсырма.* қайдағы? қашанғы? сұрау есімдіктерінің мағыналарын анықтап, олардың қандай тұлғада тұрғанын анықтаңдар.

*5-Тапсырма.* қай? қайда? қашан? сұрау есімдіктерінің қандай сөз таптарының орнына жұмсалатынын айтыңдар.

### **Өздік есімдігін оқыту жолдары**

Өздік есімдігіне бір ғана өз сөзі жататыны және өз сөзі атау тұлғада қолданылмай, үнемі тәуелдік немесе көптік жалғауынан соң тәуелдік жалғауының келуі арқылы жұмсалатыны танылады. өзіндік есімдігін бұдан бұрынғы өтілген жіктеу, сілтеу есімдіктерімен салыстыра отырып, олардың өзара айырмашылықтары әңгіме әдісі арқылы баяндалады.

өздік есімдігі мағынасы жағынан сілтеу, сұрау мағыналарын білдірмейді, белгілі қимылдың, нәрсенің, адамның өзіне ғана тән екендігін білдіретін

түрлі мысал келтіру арқылы түсіндіріледі. Мысал: өз кітабым, өзім келдім, өзі келді т. Б.

өз сөзінің түбір мағынада қолданылмайтынына оқушы көздерін жеткізе отырып, оның жекеше, көпше түрінің тәуелденіп барып қолданылатыны өзімнің кітабым, өзі келді деген нақты мысалдар арқылы түсіндіріледі.

**Өздік есімдігінің септелуі мен жіктелуі.** өздік есімдігінің септелуі де, жіктелуі де оқулықта берілген таблица арқылы түсіндіріледі.

өзіміз, өзіңіз есімдігінің **жай септеудің** үлгісімен септелетінінен оқушыларға ауызша септетіп, жоғарыдағы үлгілерден айырмашылығының неде екенін септек қосымшаларын өзара салыстыра сұрау керек.

өз есімдігіне жалғанған тәуелдік, көптік жалғаулары, ілік септіктері ашық түрде де, жасырын түрде де қолданылады. Мысалы:

өзімнің кітабым - өз кітабым.

өзіңнің кітабың - өз кітабың.

өзіміздің кітабымыз - өз кітабымыз.

өзінің кітабы-өз кітабы.

өздеріміздің кітабымыз - өз кітабымыз.

өздеріңнің кітаптарың - өз кітаптарың.

өздеріңіздің кітаптарыңыз - өз кітаптарыңыз.

өздерінің кітаптары - өз кітаптары.

өз есімдігінің өздік бір ерекшелігі бұл есімдік жіктеу есімдіктерімен қабаттасып, сөйлемде күрделі мүшенің қызметін атқарады. Мысалы: Мен өзім келдім, біз өзіміз келдік. Сен өзің келдің, сендер өздерің келдірген. Сіз өзіңіз келдіңіз, сіздер өздеріңіз келдіңіздер. Ол өзі келді, олар өздері келді.

Мен өзім, біз өзіміз дегенде мен, біз, сіздер бірінші жақ жіктеу есімдіктері болса, өзім, өзіміз деген тәуелдік жалғауының бірінші жағында келіп, бұлар өзара жақ жағынан бірыңғайласып тұрғаны айтылады. Келесі сен, өзің, сендер, өздерің дегендер де осылай жалғаса беріледі.

Бұған бір ғана «өз» деген сөз жатады. «өз» сөзі ешқашан өзінің «өз» тұлғаында қолданылмайды. әрқашан тәуелденіп барып жұмсалады. өзінің (өз) кітабым, өзінің (өз) кітабың, өзінің (өз) кітабы. Тәуелдік жалқауының ашық, жасырын тұлғаларында қолданыла береді. Мысалы, өзі келді, өздері келді, өздерінің кітабы, өзінің (өз) кітабы, өзіміздің кітабымыз (өз кітабымыз) т.б.

«өз» есімдігінің тағы Бер ерекшелігі жіктеу есімдіктерімен тіркесіп келіп, күрделі бастауыш болған жағдайда үнемі, өзбаяндауыштарымен тәуелдік жалғаулары арқылыбір жақта қиысып қолданылады. Мысалы. Мен өзім келдім. Сен өзің келдің. Сіз өзіңіз келдіңіз. Ол өзі келді.

«өз» есімдігі тәуелдік тұлғада қолданылып, тәуелді септеудің үлгісімен септеледі. «өз» есімдігі өз-өзінен, өзінен-өзі, өз-өзі, өзімен-өзі, өзді-өзі деген қосарлы тұлғада да қолданыла береді.

өздік есімдігінің лексика-семантикалық және грамматикалық Белгілері түсіндірілген соң, өтілетін материалдарды бекіту мақсатымен, жеке үлестірмелі тапсырмалармен жұмыс жүргізіледі.

*1-тапсырма.* өзді-өзі, өз-өзінен деген өз есімдігін тұлғасына қарай талдаңдар, осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

*2-тапсырма.* өзіңіз, өзіміз сөздерін жекеше, көпше түрде жіктеңдер.

*3-тапсырма.* өзім дегенді септеп, барыс септігіндегі қосымшаның өзгешелеу себебін айтыңдар.

**1-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден өздік есімдіктерді тауып түрленуін байқаңыздар.**

Сырт киімін Абай өзі шешіп еді. Дауын әннің өзі айтсын. өзің осы жолы сыншы болып қайтыпсың. Бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес. қырдағы өзіміздің шаруаны емде. өзі айтқан әкенді қаладан шығарып әкетуің керек. Бәкеңнің өзі айтқан жерде.

## Белгісіздік есімдіктерін оқыту

Белгісіздік есімдіктері затты я құбылысты нақты атамай, белгісіз етіп, тұспалдап тайды. Мысалы біреу есік қағып тұр дегендегі біреу сөзінен есікті қағып тұрған адамның нақты кім екені білінбейді, әйтеуір белгісіз бір адам екендігі тұспалдап аталатындығы байқалады. Белгісіздік есімдіктері: біреу, әр, бір, кейбір, кейбіреу, әрине, әркім, бірдеме, әлдекім, әлдене, әрбір, кімде-кім, қайсыбір, қайсыбіреу кейбір, бірнеше, әлденеше, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайдан, кейбір, бірдеме.

Белгісіздік есімдіктерімен таныстырған соң, олардың көбі екі түбірден құралған біріккен сөздер екені аңғартылу керек. Демек, біреу, әр, бір есімдігінен басқалардың бәрі екі түбірден құралғаны ескертіледі. Біреу, әр, бір, кей сөздері есімдік сөздермен бірігіп, белгісіздік есімдіктерін жасайды, белгісіздік есімдіктерінің екі түбірден құралғандары олардың сырт тұлғаларынан бірден көрініп тұрады, олар өз тұлғаларын сақтай бірігеді.

Мысалы. әркім, әлдекім, әлдеқашан, әлдеқайда, әрқалай, кейбір т.б.

Белгісіздік есімдіктерінің қолданылуында өзіндік ерекшеліктері бар.

1) *біреу, кейбіреу, қайсыбіреу, бірдеме, әрне, кімде-кім, әлдекім, әлдене есімдіктері зат есім орнына жұмсалыды. Сондықтан олар көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдап, сөйлемде бастауыш, толықтауыш болады. Мысалы:*

Базарға қарап тұрсам, әркім барар,

Іздегені не болса, сол табылар.

Біреу ыстық алады, біреу маржан

әркімге бірдей нәрсе бермес базар.

Абай...

Бұл үзіндіден әркім, біреу- бастауыш, әркімге- толықтауыш болып тұр.

2) *қайсыбір, кейбір, әр, әрбір, кейбір, әлдеқайда, есімдіктері сын есім орнына жұмсалып, сөйлемде анықтауыш болады. Мысалы. Екі ала қарға шөп*

арасында әлдеқандай аңды қалбақтап қуып жүр деген сөйлемдегі әлдеқандай сөзі қандай? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып тұр.

3) *әлденеше, бірнеше, біраз, әлденешеу* есімдіктері сан есім орнына жұмсалып, анықтауыш болады. Мысалы. бірнеше күн төпеп қар аралас бұршақ жауды дегендегі бірнеше сөзі қанша? деген сұраққа жауап болып, анықтауыш қызметін атқарып тұр.

4) *әрқашан, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайдан* дегендер мезгіл, мекен мағыналарын білдіреді де, пысықтауыш болады. Мысалы. әрқашан осы ұстаған бағыттыңнан айрылма деген сөйлемдегі әрқашан сөзі қашан? деген сұраққа жауап болып, мезгіл пысықтауыш болып қызметінде жұмсалып тұр.

*әлде, әр, кей, қай, бір* сөздері есімдіктермен тіркессе әрқашан бірге жазылады. Ал басқа сөз таптарымен тіркесіп айтылса, бөлек жазылады. Мысалы: әркім өз міндетін атқарсын. әр төбеден жұлдыз жанып, әр қаладан ай туады деген сөйлемдегі әркім сөзіндегі әр сөзі біріккен сөздің сыңары ретінде танылады, кейінгі сөйлемдегі әр сөзі өз алдында жеке ұғым атауы ретінде қолданылып тұрғаны айтылады.

Белгісіздік есімдіктері заттар мен құбылыстарды нақты түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылады. Мысалы: Біреулер әлденені сөз етіп, уақыт босқа өтті деген сөйлемдегі біреу мен әлдене дегендердің мағынасы нақты емес, белгісіз түрде баяндалып тұр.

Белгісіздік есімдіктері – морфологиялық құрамы жағынан негізінде күрделі болып келеді, әлде, әр, бір, кей деген сөздер мен есімдіктердің бірігуінен жасалады. Бұл тұста әлде, әр, бір, кей, қай деген сөздердің есімдіктен басқа сөздермен тіркескенде, үнемі бөлек жазылатыны ескертіліп, салыстыра түсіндіріледі.

Белгісіздік есімдіктері сөйлем ішінде қай сөзтабының орнына жұмсалып тұрқанына байланысты бірде бастауыш, бірде толықтауыш, бірде



пысықтауыш қызметін атқаратыны грамматикалық талдау кезінде анықталады..

Белгісіздік есімдіктерінің мағыналары тым абстрактылы, сондықтан оны нақтылай түсу үшін жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істеу арқылы жаттықтырылады.

**1- тапсырма.** Төмендегі өлеңнен белгісіз есімдіктерін тауып, оларды мағыналары мен тұлғарына ажыратыңдар.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанша,  
Кейбіреу қояр құлақ ұқанша,  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреулер бар  
Абайлар әрбір сөзді өз хәлінше. ( Абай)

**1- тапсырма.** Төмендегі сөздерден есімдіктерді тауып, олардың қандай сөздердің орнына қолданылып тұрғанын сұрақ қойып ажыратыңдар.

Бастық телефонын қолына алып әлдекімменболмашы бірдемелерді сөйлесіп отырып алды. Оның әрқашан бір қалыпты салмақты жүзі ерекше қауырыт жағдайдан хабар беріп тұрғандай.

**3-тапсырма.** Төмендегі есмдіктердің құрамын анықтап әрқайсысын қатыстырып сөйлем құрастырыңдар.

Бірдеме, қайбір, бірнеше, әрқашан, әрқалай, әркім.

**Болымсыздық есімдіктерді оқыту**

Болымсыздық есімдіктерінің қандай сөздердің орнына қолданылатынын айтып, олардың мағыналарымен тұлғаларын таныту.

Болымсыздық есімдіктерінежататын сөздерді көрнекі етіп жазып қою керек.

Болымсыздық есімдіктері: дәнеме, ештеңе, ештеме, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқайсысы, ешқандай, ешқайдан, т.б.

Бұларды оқушыларды қатыстыра отырып, талдаған жөн. Оқушылар сөздердіоқып шыққан соң: -бұлардың белгісіздік есімдіктерінен қандай

айырмашылығы барын байқандаршы?- деген сияқты ойландыру сұрағын қойып, болымсыздық есімдіктерінің болымсыздық мағынада қолданылатынын төмендегі сөйлемді талдау үстінде аңғарту керек. Мысалы. Ол ешкіммен сөйлеспеді. Ешқайда бармады деген сөйлемдердегі ешкім, ешқайда дегендердің мағыналарының нақты есімдігі: Асқар Болатпен сөйлеспеді, оқуға бармады деген сөйлемді ұсынып, алдыңғы сөйлеммен салыстырып, ол есімдігі - Асқар, ешкім есімдігі - Болат, ешқайда есімдігі-оқу сөздерінің орнына жұмсалып тұрғаны айтылады. Сонымен қатар, ешкім, ешқайда сөздерінің мағыналарында болымсыздық ұғымының бары аңғарылады да, бұлардың екеуі де зат есімнің орнына қолданылып тұрғаны түсіндіріледі. Ендігі жерде болымсыздық есімдіктерінің құрамында еш сөзінің кездесетіні, еш сөзі есімдіктен басқа сөздермен тіркесе, бөлек жазылатыны салыстыру әдісі арқылы түсіндіріледі. Мысалы:

Болымсыздық есімдік (біріккен сөз)	Күрделі сөздер
Ешбір	ешбір адам келмеді.
Ешкім	еш уақытым болмады
ешқашан	еш үйге бармадым

Болымсыздық есімдіктерінің мағыналары болымсыздық ұғымменен ұштасып жатады. Мысалы: Жұмыстың ауырлығына ешкім реніш білдірмеді деген сөйлемнің мағынасын анықтау үстінде ешкім сөзінің мағынасы анықталынады. Жұмыстың ауырлығына кім реніш білдірмеді, - деп, ешкім сөзінің зат есімнің орнына жұмсалып, субъективтік мағынада жұмсалып, кім деген сұраққа жауап болып, сөйлемдегі ойдың иесі бастауыш қызметінде қолданылып тұрғаны түсіндіріледі. Жалпы болымсыздық есімдіктерінің негізінен, зіт есім орнына жұмсалатыны түсіндіріледі.

Болымсыздық есімдіктернің жасалуын, орфографиялық ерекшелігін түсіндіруде сөздердің екі түбір сөзден бірігіп жасалатыны жайындағы

тақырып еске түсіріліп, біріккен сөздердің бірігу жолдары мен айтылу, жазылу емлесіне болымсыздық есімдіктерінің морфологиялық тұлғасы ұштастырыла өтіледі. Біріккен сөздердің жасалуынан өтілген заңдылықтар қайталанып, еске түсірілген соң, еш, бір сөздерінің емлесі айтылып, олардың бірге, бөлек жазылатынына мысалдар келтіріледі.

Мысалы, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқайда, ешқайсысы деген есімдіктердің құрамына талдау жасатылады.

Болымсыздық есімдіктерінің теориялық жақтары түсіндірілген соң, жаттығу жұмыстары жүргізіледі, тапсырмалар беріледі.

Оқушыларға жеке тапсырмалар үлестіріліп беріледі.

1 - тапсырма. Сөйлемнен есімдіктерді тауып, олардың мағынасын, тұлғасын және қай сөз табының орнына қолданып тұрғанын айтындар. Мен оған, ол маған басқа ештеңе демейміз.

2 – тапсырма. Дәнеме, ештеме, ештеңе деген сөздер қандай есімдіктер, қандай сөздердің орнына жұмсалады? өзара мағыналық жақындықтары жағынан қандай сөз табына жатқызылады.

### **Жалпылау есімдіктерін оқыту**

Жалпылау есімдіктерінің ерекшеліктерін түсіндіру онша қиындыққа түспейді. Олардың мағыналары да абстракт болып келеді. Бұлар жинақтау, жалпылау мағыналарын білдіріп, олар сөйлемдерде анықтауыш қызметін атқаратынын бірнеше сөйлемдерді көрнекі етіп жазып, оны талдау кезінде танытуға болады. Мысалы, Бар жұрттың көңілі көтеріңкі сен бүкіл ауданның даңқын бір көтердің деген сөйлемдерден бар, сен, бүкіл, есімдіктерінің мағыналары анықталып, олардың қандай сөздердің орнында жұмсалып тұрғанына талдау жасатылады. Мұнан соң бар, бүкіл сөздерін жинақтау, жалпылау мағыналарда қолданылып тұрғаны сөзболады. Жалпылау есімдіктеріне жататын сөздерді оқушылардың өздеріне тапқызып,

мұғалім ол сөздерді тақтаға (алдыңғы өтілген есімдіктердің тізімін (жүйесімен) жазып қояды.

Жалпылау есімдіктері: бәрі, барша, барлық, күллі, тегіс, бүкіл, бүтін, түгел т.б.

Жалпылау есімдіктерінің кейбір түрлеріне көптік, тәуелдік, септік жалғауларының жалғанатынын да ескерткен жөн. Мысалы: Жиналысқа бәрілеріңіз қатысыңыздар. Бұл іс баршаға ортақ деген сөйлемдегі бәрілеріңіз, баршаға дегендердің құрамына талдау жасату керек. Демек, бәрілеріңіз деген жалпылау есімдігінің құрамында- лер – көптік жалғауы: - ңіз тәуелдік жалғауының екінші жағының сыпайы түрлерінің қосымшалары жалғанып, сөйлемде бастауыш болып тұрғаны айтылады. Сол сияқты баршаға есімдігінің түбірі барша,- ға барыс септік жалғауы екені ескертіліп кімдерге? Деген сұрақ- жауап беріп, толықтауыш болып тұрғаны түсіндіріледі. Сөйтіп, жалпылау есімдіктері, негізінен, зат есім орнына жүретіні айтылады.

Ендігі кезеңде оқушылардың есімдіктен алған мәліметтері практикалық жұмыс үстінде қайталаынады. Жаттығуға мынадай жұмыс түрлері ұсынылады.

*Тақтамен жұмыс.* Төмендегі сөйлемдерді тақтаға жаздырып, ол сөйлемдерден есімдіктерді тауып, олардың қандай мағыналарда қолданылып тұрғаны анықталады.

1943 жыл. Бұл жылдары Болат кішкентай еді. Соғыс дегеннің не екенін ол түсінбейтін. Бірақ әкесі соғысқа кеткен, апасы екеуі күткені оның есінде. Ол ұзақ күтседе, сол соғыстан әкесінің қайпағанын ұмытпайды.

### ***Үлестірмелі тапсырмалармен жұмыс.***

**1. тапсырма.** Біреуге біреу сеп, біреуге біреу жолдас деген сөйлемдегі есімдіктерді мағыналарына лайықты басқа сөздермен алмастырып, бұлардың қай сөз табының орнына жұмсалып тұрғанын айтыңдар.

**2-тапсырма.** әсия мен Омар Асқардың түсінбеген тақырыбын үйретіп отыр деген сөйлемдегі әсия, Омар, Асқар сөздерін тиісті есімдіктермен алмастырып атаңдар.

Жалпылау есімдіктері де негізінен, зат есімдердің орнына жұмсалатыны және жалпылық ұғымда қолданылатыны сөйлем ішіндегі жалпылау есімдіктеріне талдау беріле түсіндіріледі. Мысалы. Барлық мекеме өмір талабының жаңа бет бұрысына ат салысуда деген сөйлемнің мазмұны не жөнінде болып тұрғаны айтылған соң, барлық сөзінің мекеме сөзімен тіркесіп, күллі, бүкіл, барша деген сөйлемдердің синонимі ретінде жалпылық ұғымды білдіріп тұрғанына талдау жасалады. Жалпылау есімдіктерінің бір-бірімен синонимдес болып келетіні, негізінен, сан есім орнына жұмсалып, сөйлемде ағықтауыш қызметін атқаратыны да түсіндіріледі. Жалпылау есімдіктері бірыңғай мүшелермен тіркесіп қолданылғанда, жалпылауыш сөздер орнына жұмсалып, арнаулы тыныс белгісіне ие болып, сөйлемнің күрделі мүшесінің құрамына да кіретінін де оқушыға білдіру керек. Мысалы. Туған жердің әрбір ылдиды, өрі, сайы, саласы, дөңі, ойпаты, ағашы, алабы, көлі, томары-бәрі менің алақанымда деген сөйлемдегі бірыңғай мүшелері бәрі деген жалпылауыш есімдігімен бірге бастауыш болып тұрғаны және бәрі сөзінің жинақтау, жалпылық ұғымда қолданылуы дәлелденеді.

Жалпылау есімдіктер сөйлемде қолданылуы ерекшеліктеріне қарай анықтауыш қызметін атқарумен қатар, кейбір жағдайда толықтауыш, бастауыш, пысықтауыш қызметінде жұмсалуды ескерту керек.

## II ТАРАУ

### ЕСІМДІКТЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС – ТӘСІЛДЕР

#### Есімдікті оқыту бойынша үлгі сабақ

Сынып: 6

Сабақтың тақырыбы: Есімдіктен өткенді қайталау

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: Оқушылардың есімдіктен алған білімдерін саралау, тексеру, тиянақтау, пысықтау, теориялық білімін практикамен ұштастыру, қорытындылау;
  2. Дамытушылық: Әр түрлі жаттығу жұмыстары арқылы ойлау қабілетін, өз бетінше ізденуге, табу, қиялдау, ой қорыту, өз ойларын дәлелдей білу дағдыларын шыңдау, сауатты жазуға дағдыландыру;
  3. Тәрбиелік: Оқушыларды сыйластыққа, бір – бірінің пікірін тыңдауға, адамгершілік асыл қасиеттерге, еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- Көрнекілігі: Қанатты сөздер, мақал – мәтелдер, тірек сызбалар.

Сабақ түрі: қайталау

Сабақ типі: білімді бекіту

Әдісі: Сұрақ – жауап, талдау, жаттығу, тест

Пәнаралық байланыс: әдебиет, музыка;

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

1. Оқушылармен амандасу;
2. Кезекші мәліметі;
3. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару;

II. Үй тапсырмасын тексеру

Үйге берілген жаттығу жұмыстарын қарап шығу

III. Мақсат қою кезеңі

ІҮ. Сабақты қайталау, бекіту: «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - мақалдың мәнін ашу, бүгінгі сабақты барлығымыз бірлесе, жұмыла отырып өткізуге ат салысайық.

1. «Жауап бер»: өткен сабақтардан алған білімдерін сұрақ – жауап арқылы тексеремін:

а) Қазақ тілінде қанша сөз табы бар?

ә) Қандай сөз таптарымен таныстық?

б) Есімдік дегеніміз не?

в) Есімдіктер құрамына қарай нешеге бөлінеді?

г) Есімдіктің қандай мағыналық түрлерін білесің?

д) Есімдіктердің емлесі туралы айт.

2. Деңгейлік тапсырмалар беріледі:

I деңгей: «Талдап көрсет»: Төмендегі сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса, асты сызылған сөзге фонологиялық талдау жаса, есімдіктің құрамына, мағынасына талда:

Мысалы: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай).

Бұл ұрыста Төлеген ерекше ерлік көрсетті.

Әр оқушы өз міндетін жақсы атқарып жүр.

II деңгей: Оқулықпен жұмыс: жаттығу жұмыстарын орындау: 211 – жаттығу ауызша; 212 – жаттығу – жазбаша, есімдікті мағынасына ажырату; 213 – жаттығу – есімдіктің мағынасын анықтау, түбірін табу;

III деңгей: «Кім көп біледі?» - мақал – мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, өлең шумағынан үзінді айтудан жарыс, есімдіктерді табу;

IV деңгей: Есімдіктердің түрленуіне мысалдар келтіру

V деңгей: Сөздік диктант алу(оқылған сөздерден тек есімдіктердің астын сызу, қателерін графопроектор арқылы тексерту, өздеріне бағалату)  
Мен, сен, орындық, ұста, кілем, сендер, бұл, осы, мына, әрбір, кімді, не,

әлдекім, құлын, кезекші, кейбір, бастық, әрқалай, мөп – мөлдір, әрқашан, жиырма бес, өз, жеті, міне, ол, қандай.

VI деңгей: 1. Диктофоннан мәтін тыңдату, есімдіктерді теріп жазып отыру:  
Ауыл жанында өзен бар. Оны қашан көрсең де мөлдіреп жатады. Түбінде малта тастары бар, лай болмайды. Ауыл балалары сол өзеннің басында. Оның жағасында тұрған ауыл балалары суға жүзгіш келеді. Олар өзеннен балық та аулайды. Өзенде қанша уақыт болса да қызығына бір тоймайды.

V. Сабақты қорытындылау: Тест тапсырмаларымен жұмыс(10 сұрақ):

1. Сілтеу есімдігі қайсысы?

- а) сол
- в) мен
- с) кім
- д) ешкім

2. Өзіндік есімдік қайсысы?

- а) үзеңгі
- в) өзіміз
- с) жақсылар
- д) артынан

3. Өзіндік есімдігі бар тіркес қайсысы?

- а) менің елім
- в) өз елім
- с) ел мен жер
- д) ел іші

4. Сұрау есімдігін көрсет

- а) ақыл
- в) үміт
- с) қайда
- д) оқыт



5. Сілтеу есімдігін көрсет:

- а) сонау
- в) кейбіреу
- с) ешкім
- д) мен

6. Болымсыздық есімдікті тап:

- а) Ешқайсысы
- в) Әсемпаз
- с) Әлдеқайда
- д) Кім

7. Екі түбірден бірігіп жасалатын есімдікті көрсет:

- а) белгісіздік
- в) жалпылау
- с) жіктеу
- д) сілтеу

8. Жіктеу есімдігін тап:

- а) кімдер
- в) әрбір
- с) біз
- д) өзіміз

9. Жалпылау есімдігін тап:

- а) өзім
- в) бүкіл
- с) нешінші
- д) ешбір

10. Белгісіздік есімдігі бар тіркесті көрсет:

- а) кейбір жігіт
- в) ешбір дыбыс

с) бүкіл әлем

д) қанша адам

VI. Үйге тапсырма: а) «Әрқашан күн сөнбесін» өлеңіне қара сөзбен шағын шығарма жазу;

ә) Есімдіктен өткенді қайталау;

VII. Оқушылардың білімін бағалау (Берілген тапсырмалар оқушылардың еркін сөйлеуіне, есімдіктерді жылдам табуға, мағыналық түрлеріне ажыратуға үлесі зор болды. Бүкіл сынып болып еңбек етті, бірі білмегенді екіншісі толықтырды.)

### **Есімдіктің лексико-семантикалық, морфологиялық ерекшеліктері**

Құзыреттілікке жеткізетін сабақтың мақсат-міндеттері:

А) ақпараттық құзыреттілік: Есімдік, оның лексико-семантикалық, морфологиялық сипатын саралайды;

Ә) проблеманы шешу құзыреттілігі: Есімдіктен алған білімдерін ауызша жазбаша тілде қолдана білуін қалыптастыру;

Б) Коммуникативтік құзыреттілік: Отансүйгіштікке үндей отырып, есімдіктен алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдана білуге дағдыландыру;

Сабақтың типі: жаңа материалды хабарлау

Сабақ түрі: Қалыпты сабақ

Сабақтың әдісі: сөздік, проблемалық, ішінара зерттеу, эвристикалық

Сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық, білім беруді ізгілендіру

Пәнаралық байланыс: Тіл білімі, тіл тарихы, Қазақстан тарихы

Оқыту құралдары: А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» Морфология оқулық, слайдтар, интербелсенді тақта, топшамалар

Сабақтың барысы: Оқытушының қызметі Студенттің қызметі Күтілетін нәтиже

## I. Ұйымдастыру бөлімі

Студенттерді түгендеп, назарларын сабаққа аудару Бар зейінін сабаққа аудару Студенттердің назары сабаққа аударады. Мұғалім мен студент арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды.

II. Үй тапсырмасын сұрау 1. “Мектебім -тарихымен тұғырлы, бүгінгімен асқақ, ертеңімен еңселі.” атты эссе талдау

Мектеп тарихы бойынша жазылған эсселерін оқиды.

Сан есімдердің емлесі мен сөйлемдегі қызметіне талдау жасайды. Студенттердің үй жұмысы есепке алынады.

II. Өткен материалды қайталау арқылы жаңа материалды қабылдауға дайындық Сұрақтар:

1. Сан есімге тән ерекшеліктер ата.

2. Дара сан есімнің саны нешеу?

3. Сан есімдердің морфологиялық сипаты қандай?

4. Сан есімдер қалай жасалады?

Мектеп тарихы қай уақыттан бастау алады?

Мектеп кімнің есімімен аталады?

Ж. Досмұхамедов есімі қашан берілді?

Ж. Досмұхамедов-кім?

Ол-қазақ жұрты үшін тер көккен қайраткер

Мұндағы асты сызылған сөздерге мән берейік.

3.. Анықтайтын сөздің алдында келіп, ешқандай өзгеріске түспейді. Субстантивтенген жағдайда ғана түрленеді.

4. Семантикалық тәсіл арқылы жасалмайды, морфологиялық тәсіл арқылы өнімсіз, аналитикалық тәсіл арқылы өнімді. студент қойылған

сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпқа байланысты білімін жинақтайды.  
- оқушы топтық талқының іс-әрекетіне өз бетімен ілеседі.

### Ш. Жаңа материалды түсіндіру

Есімдік- заттың атын, сынын, санын я олардың аттарын білдірмей, олардың орнына жұмсалатын, есімдер тобына жататын сөз табының бірі. А.Ысқақов Субстантивтік есімдіктер қолданылу ретіне қарай зат есімдер сияқты көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те, жіктеліп те қолданылады. Мысалы: сендер, менің, кімге?

Жіктеу есімдіктері ,өздік есімдіктер, бірақ контекстік мағынасына қарай. Атрибутивтік есімдіктер дәл өз мағынасында қолданылып тұрғанда, түрлену формаларының ешқайсысын қабылдамайды. Көбіне анықтауыштық қатынаста қолданылады. Мысалы: бұл, сол, қай? Түрлену формалары атрибутивтік есімдіктерге тек субстантивтенген жағдайда ғана қосыла алады.

1. Өте ерте заманнан келе жатқан байырғы түбір есімдіктер: мен, сен, ол, біз, сіз, қай? кім? не? міне, бұл, сол, т.б.

2. Соңғы кездерде туып қалыптасқан есімдіктер:

2.1 Лексикалық жолмен жасалған: бар, біреу, бүкіл, түгел, әр, күллі, пәлен.

2.2 Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған: мына-у, ана-у, сона-у; барлық, барша, қанша, неше, қандай, нешінші.

2.3 Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған: бірдеңе, бірнеше, кейбіреу, әлдекім, ешкім, кімде-кім, қай-қайсы, т.б.

Морфологиялық ерекшелігі :

1. Есімдіктердің бәріне бірдей, бәріне тең ортақ заңдылық деп қарауға болатын белгілі формалары немесе өзгеру тәсілі жоқ.

2. Көптік мағынаны білдіретін 3 морфемасы. Мысалы: Сіз, біз.

3. Н дыбысы жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелу жүйесінде түсіп қалып, барыс септігінде пайда болады.

4. Есімдіктерден жаңа сөз жасалмайды.

Есімдіктердің мағыналары

1. Мен, сен, біз, сіз есімдіктері бастауыш қызметінде жұмсалған сөйлемдер әрдайым белгілілік мәнінде жұмсалады

2. Екінші жақтық жіктеу есімдіктерімен салыстырғанда, бірінші жақ тұлғалы есімдіктер жиі түсіп қалады:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы

Қолымды дөп сермесем,

өстер ме едім.

Адамның бір қызығы - бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім, - деп келетін өлең жолдарында "мен" есімдігі жасырын келгенімен, өлең жолдарының соңындағы бірінші жақ тұлғалы етістік арқылы "мен" есімдігінің мәні беріліп тұр.

2. Жіктеу есімдіктері – тұлғалық жағынан алып қарағанда түгелдей туынды сөздер. мен (< ме-н), сен (< се-н), ол (< о-л) - ме, -се-, о- және –н дыбысынан құралған жалғау ығысу процесі. Жіктеу есімдіктерінің көпше түрі біз, сіз, сөздері де бі-, сі- және –з морфемасынан құралады. Бұл – з морфемасы жөнінде ғалымдар арасында әр түрлі гипотезалық пікірлер бар.

1. біз, сіз би-си (>биз) және си-си ((>сиз) Бётлингк , В.В.Радлов , С.Е.Малов.

bi + si = biz «я – ты - мы»

si + si = siz «ты – ты - вы».

2біз, сіз есімдіктеріндегі – з морфемасы жұптық мағынал (двойственное число) білдіретін болған деген пікірді В.Котвич айтқан . А.Н. Кононов 1948 жылғы «Өзбек тілі грамматикасында»: «адам денесінің жұптық

атауларын білдіреді:: куз - «глаза», оғи - «рот», (вероятно, из икки - з) «близницы», «двойня и т.п.», - деп жазды,

3. 3- морфемасын жұптық-көпше мағынаны білдіруші формант деп көрсетіп жүр. Осы пікірді А.М.Щербактың еңбектерінен де кездестіреміз. 3- форманты көптік мағынаны білдіреді Ақпараттық құзыреттілік: - Студент есімдік бойынша алған білімін өзге сөз таптарымен салыстыра саралайды, қорытынды жасайды.

Есімдіктің морфологиялық құрылымын қазақ тілі тарихынан талдайды. Есімдіктің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін таниды. Есімдіктердің шығу төркіні туралы ғалымдардың зерттеулерімен танысады.

ІҮ. Жаңа білімді оқытушының көмегімен бекіту

Дәптерге ауызша, тек есімдіктерге жазбаша талдау

Мақал-мәтелдерден жарысады. «Кубизм» стратегиясы.

1-тапсырма Сөйлемдерді оқып, есімдіктерді қатыстырып, сөйлем формасын өзгерт, есімдіктердің тұлғасына талда, қандай мағынада қолданылып тұрғанын талда. Досмұхамедов Жанша—Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, Алаш–орданың Батыс бөлімшесінің төрағасы, заңгер. 1899 жылы тамыз айында Орал әскери реалдық училищесіне түсті. 1905 жылы 31 мамырға дейін толық курсы оқып бітіріп, тамыз айында, Орал облысының стипендиаты ретінде Мәскеу университетінің заң факультетіне түсті, 1910 жылы 4 наурызда бітірді

2 –тапсырма Есту диктанты мәтін оқылады. Әр студент мәтінді тыңдай отырып, Кездескен есімдіктерді теріп жазады.

“Менің қоғамдық-саяси қызметім тұңғыш рет 1910 жылы көрініс тапты, - деп жазыпты Жаһаншаһ Досмұхамедұлы 1930 жылы ОГПУ тергеушісіне берген көрсетілімінде өз қолымен, - мен университет бітіргеннен соң Орал облысының Орал қаласына келіп, онда орыс тілінде

жарық көріп тұрған “Уральский листок” (“Орал парақшасы”) газетіне қазіргі Қазақстан аумағына ішкі Ресейден шаруаларды жүйесіз көшіріп әкеліп қоныстандыруға қарсы бірнеше мақала шығарған болатынмын. Осы мақалаларым үшін мені Орал губернаторы облыстық басқармада [оқыған уақытымда алып тұрған] стипендиялар өтеуіне қызмет ету құқымынан айырды”. Бұл кезде Жанша Досмұхамедұлы саяси көзқарасы қалыптасқан, өз еліне қызмет етуге құлшынған жиырма үш жасар жас заңгер-маман еді.

3-тапсырма А)Көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз. Есімдіктерге мағыналық, тұлғалық талдау жаса.

1.Туған топырағына,... қандастарына борышты екендігін Жаһанша ... уақытта есінен шығармады.2.1917жылы қазақ халқының зиялылары бас қосып, халқының игілігі үшін қызмет ететін «Алаш » туының астына бірікті.... .. игілікті ісі қазақ халқының тәуелсіз ел болу жолындағы ерен еңбегі еді. Б)Сөйлемдердің мәнін түсініп,есімдіктердің мағынасына талдау.

3.1918 жылдың наурыз айында Жанша және Халел Досмұхамедовтер Мәскеуге келіп, ... .. Ленин және Сталинмен келіссөз жүргізеді. Кеңес үкіметін Алашорданың жел-тоқсандағы съезінің қаулыларымен таныстырып, ... 11 шартты қояды... екеуі Кеңес үкіметінің жанынан Қазақ комиссариатының ашылуына қол жеткізеді.

4-тапсырма Мәтін мазмұнына мән бер, қарамен жазылған сөйлемге тұлғалық талдау жаса. Ташкентте қазақ зиялылары құрған мәдени-ағарту «Талап» қауымдастығына мүше болып, оның тапсыруымен қазақ тілінде алғашқы қылмыстық кодекс жобасын әзірледі. 1930 жылы 5 қазанда Досмұхамедовтың тергеу ісіне байланысты Әуезов жауапқа тартылады. Оған «қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымдарына қатысты, Қазақстандағы кеңестік науқандар мен шаралардың мазмұнын бұрмалау мақсатын көздеді. Жанша Досмұхамедовтың ұйымында тұрды, оның тапсырмасын орындады»

деген сияқты кінәлар тағады, нәтижесінде Досмұхамедов пен Әуезовтің істері бірге қаралды.

5-тапсырма Есімдігі бар, Отан, туған жер тақырыбындағы мақал-мәтелдерден екі топ жарысамыз. 1-топ 2-топ

6-тапсырма Сөйлемдердің мәнін түсініп, есімдіктердің мағынасына талдау. 1989ж. Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталған алаштың қайраткерінің есімі Жымпиты ауданында бір көшеге және Орал педагогикалық колледжіне берілген. Ж.Досмұхамедұлының мемлекеттік және саяси қызметін саралап көрсету-зор міндет. «Кубизм» стратегиясы.

1. Салыстырыңыз. Есімдікті басқа сөз таптарымен салыстырыңыз
2. Талқылаңыз. Есімдік дегеніміз не? лексико-семантикалық сипатын атаңыз  
Есімдік мағыналық жағынан қайдай түрлерге бөлінеді? Шығу төркіні жағынан нешеге бөлінеді?
3. Зерттеңіз. Есімдіктердің морфологиялық ерекшеліктеріне тоқтал. Мен, сен, ол есімдіктері түбір есімдіктер ме? Біз, сіз сөздеріндегі з жұрнағы нені білдіреді? Кімдердің пікірі бар?
4. Ажыратыңыз. Есімдіктің мағыналық түрлерін атаңыз.
5. Мысал келтір. Есімдікке мақал-мәтелдерден мысал келтір
6. Қолданыңыз. Ж.Досмұхамедұлы өмірінен сабақ барысында берілген мәліметтерді пайдалана отырып, есімдіктерді қатыстырып "Ер есімі-ел есінде" тақырыбында ой-толғау жаз. Досмұхамедов Жанша— кім?. Біз оның Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, Алаш-орданың Батыс бөлімшесінің төрағасы, заңгер болғанын білеміз.

«Кубизм» стратегиясын топ болып орындайды. Проблеманы шешу құзыреттілігі: - жоспарланған және алынған өнімнің сипаттамаларын салыстырады және өнім сапасына сәйкес қорытынды жасайды; Тапсырманы орындай отырып, оқушы есімдік тақырыбы бойынша өз бойында белгілі бір дәрежеде іскерлік-дағды қалыптастырады.



Студенттер өз бетімен тапсырмалар орындап, тақырып бойынша білімдерін бекітеді. Туған жер тақырыбындағы есімдігі бар мақал-мәтелдерді еске түсіреді.

«Кубизм» стратегиясын топ болып орындайды. "Ер есімі-ел есінде" тақырыбында ой-толғау жазу арқылы сабақ барысында алынған ақпарат, берілген білім қорытындыланады.

ҮІ. Үйге тапсырма. Қорытындылау. - Есімдіктің лексико-семантикалық, морфологиялық сипатын конспектілеу оқулық А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі».

- ."Ер есімі-ел есінде" тақырыбында ой-толғауды толықтырып жазу. Дәріс бойынша сұрақтар, сәйкесінше жауаптар әзірленеді. жоспарланған және алынған өнімнің сипаттамаларын салыстырады және өнім сапасына сәйкес қорытынды жасайды;

**Қорытынды** 3 минут

Семантикалық кесте Әр оқушыға семантикалық карточка таратылады. оқушылар белгілеп жауаптарын интер тақта арқылы бір - бірін тексереді

**Рефлексия** 4 минут

**Үйге тапсырма** 1 минут

*156 - жаттығу.* Қорытынды рефлексия бойынша тақырыптың қиын тиген тұсын қайталау

**Бағалау:** 2 минут Көшбасшы топтағы оқушыларды бағалайды, топ басшыларын мұғалім бағалайды. **Кері байланыс:** 1 минут

Бүгінгі сабақ несімен ерекшеленді? Стикерге жазып, тақтаға шығып смайликка жабыстырады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілін оқытуға байланысты сабақ үлгілерін ұйымдастырудың негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазып, оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету.

Есімдіктерді грамматика, орфография, пунктуация және әдебиетпен байланыстыра жүргізу принципі де ерекше орын алады.

Есімдіктерді стилистикамен байланысты жүргізу принципі де басты орын алады. Стилистикамен жұмыс грамматиканы, лексиканы, фонетиканы оқытумен тығыз байланысты жүргізіледі.

Жұмысымыздың кіріспесінде қазіргі кезде ұрпақты оқытып, алған білімін кеңейтіп, көркемдік талғамдарын арттыруда, өмірге көз-қарастарын дұрыс қалыптастырып, халықтың тәрбие беруде, ізгі мінез – құлық, биік адамгершілік, ұлттық қасиеттерін қалыптастыруда ана тілі мен әдебиеті пәнінің атқарар міндеті мол екендігі сөз етілді.

Оқушы білімінің сапалы болуы сабақ жүйесіне, әр сабақтың ішкі мүмкіндігіне, оларды ұлттық дәстүр мен ұштастыра білуге оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, білімдері мен дағдыларын шеберлікпен дамытуға байланысты.

Оқушыларға мұғалім лексикалық қорын кеңейту, қолданылатын сөздердің мағынасын анықтай түсу сияқты жұмыстарды жүйелі үйретеді. Оқушыларға ана тілінің сан алуан грамматикалық қатынастары мен көріністерін үйретіп, тіл байлықтарын арттыра түсу ұстаздың міндеті екендігі жайлы айтылды.

Жұмыстың I тарауы бірнеше бөлімнен болып, оның бірінші бөлімінде есімдіктің мағыналық түрлерін оқытудың мақсаты мен міндеттері айтылды. Оқушының ауызша және жазбаша сауаттылығын дамытуда грамматикалық

ережелерді жақсы білудің, тыныс белгілерін дұрыс қоюдың, көркем әдебиетті көп оқудың үлкен мәні бар. Мұғалім қазақ тілі сабақтарында үйретілген ережеге сай түрлі жаттығу жұмыстарын орындатып, тыныс белгілерін дұрыс қоя білдірудің жолдарын көрсетіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы қажет.

Мұғалім оқулықтағы жаттығулардан, дидактикалық материалдар жинағындағы мәтіндерден стильмен жұмыс істеудің жолдарын көрсетіп отырады. Демек, қазақ тілі сабақтары бойынша жүргізілетін жұмыстарын жоғарыда айтылған принциптерді ескере отырып ұйымдастыру пайдалы екендігі айтылды.

Екінші бөлімінде мұғалімнің басты мақсаты – жаңа педагогикалық технологияны меңгеру, оны өз тәжірибесінде пайдалану керектігі мәселесі көрсетілді. Мұғалімнің инновациялық белсенділігінің жаңа өзгерістеріне мұғалімнің көзқарасын, жаңаны білсем, үйренсем, қолдансам деген және т.с.с. жаңа іс-әрекеттерін жатқызуға болады.

Мұғалімнің инновациялық-дидактикалық іс-әрекеті жалпы әрекеттің реттілімен, нақтылығымен сипатталады. Педагогтің инновациялық-дидактикалық іс-әрекетке қатысуы мұғалімнің жаңалыққа деген көзқарасы, педагогикалық біліктілік деңгейі, жеке педагогикалық іс-тәжірибесі, мұғалімнің теориялық педагогикалық дайындық деңгейлерімен сипатталады.

Дамыта оқыту технологиясы балаға өз бетінше ойланып қорытынды жасай білуге, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауды үйренуге машықтандырады, теориялық мәселелерді практикада қолдана білуге баулиды, шығармашылық ізденіс әдістерін игеруге көмектеседі.

Жұмыстың II тарауы да екі бөлімнен болып, оның бірінші бөлімінде конкурс сабақтың негізгі мағынасы, сайысқа түсу, жарыста сынасу, деген және топ ішінде сынасу мағыналарын білдіретіндігі айтылды. Оқушы

білігінің іскерлігі осы конкурс сабақпен өлшенеді. Жарыс ойындарын сабақ өтуде жүзеге асыру мұғалімге де, оқушыға да тиімді. Өйткені мұғалім тақырыпқа байланысты ойын түрлерін сұрыптауда, құрастыруда көп жұмыс жүргізеді. Ал, оқушы үшін тиімділігі – жаттанды ережеден, мысалдан аулағырақ болады. Жарыс ойындары арқылы өтілген сабақ оқушылардың есінде ұзақ уақыт сақталады. Ойлау, жүйелеу қабілеті артады.

Сабақта оқушыларды мақал-мәтелдерді күнделікті өмірде қолдана білуге, олардың тіліміздегі сөздің көркі екенін ұқтыру, мақалды әңгіме жаздыру арқылы тілін дамыту, мақал арқылы адамгершілікке, отаншылдыққа, елжандылыққа тәрбиелеу жайлы сөз етілді.

Қорытындылай келе мектепте Есімдіктің мағыналарын оқытқанда жүргізілетін барлық жұмыстардың деңгейі, ерекшелігі мысалдар негізінде айқындап берілді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каримов И.А.. Жоқары мәнаўият жеңилмес куш. Тошкент. 2008
2. Адамбаева Ж. Жаңа ойын ермектері. Алматы. 1978
3. Аханов К. Тіл білімдерінің негіздері. Алматы. 1993
4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. А. 1994
5. Арғынов Х. Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері. А. 1990
6. Әлімжанов Д. Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы 1985
7. Әбілқабеев А. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы. 1997
8. Бердібаева Ж. Психологиялық нәтижесін статистикалық өңдеу. А. 1999.
9. Бердібаева Ж. Психологиялық зерттеу нәтижесін статистикалық өңдеу. Алматы. 1999
10. Бегалиев С. Бастауыш мектепке қазақ тілі методикалық мәселелері. Алматы. 1987
11. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1992
12. Жиенбаев С. Жаттығулар емле мен тіл дамыту. Алматы. 1984
13. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Методикалық жинақ. А. 2000
14. Мейірманқұлова Т. Білім беруде инновациялық технологиялар. А. 2005
15. Рувинский Л.И. Учителю о педагогической технике. Педагогика. М. 1987
16. Сеница М.Е. Педагогический такт и мастерство учителя. Москва. Просвещение. 1983.
17. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы. Рауан. 2000
18. Төрениязова С., Майғаранова Г., Нысанбаева. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Алматы. Рауан. 1999.
19. Халық тәлімі. 2002. № 7-8
20. Шәукенұлы Қ. Синтаксис. Алматы. 2004
21. [www.pedagog.uz](http://www.pedagog.uz)
22. [www.Ziyounet.uz](http://www.Ziyounet.uz)

## МАЗМҰНЫ:

Автордың аннотациясы.....	4
Кіріспе.....	6
<b>I ТАРАУ</b>	
Есімдіктердің мағыналары мен қолданылуы ерекшеліктеріне мағыналық талдау жасау.....	9
1). Жіктеу есімдіктерін оқыту.....	19
2). Сілтеу есімдіктерін оқыту жайлы.....	22
3). Сұрау есімдіктерін түсіндіру.....	25
4). Өздік есімдіктерін оқыту жолдары.....	28
5). Белгісіздік есімдіктерін оқыту.....	31
6). Болымсыздық есімдіктерін оқыту.....	33
7). Жалпылау есімдіктерін оқыту.....	35
<b>II ТАРАУ</b>	
Есімдіктерді оқытуда қолданылатын әдіс – тәсілдер	
1) Есімдікті оқыту бойынша үлгі сабақ.....	38
2) Есімдіктің лексико-семантикалық, морфологиялық ерекшеліктерін оқыту.....	42
Қорытынды.....	50
Пайдаланылған әдебиеттер.....	53